

Ж.Н. Құзар*, Г.И. Кульдеева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: Kuzar_zhanna@mail.ru, gulnara.kuldeyeva88@gmail.com)*

Ғылыми мәтіндегі терминдер аударма нысаны ретінде

Мақалада терминологияны зерттеген ғалымдарға қысқаша шолу жасалынды, терминологияның дамуы аударма тәжірибесімен тығыз байланысы көрсетілді. Осыған байланысты инженерлік желілер мен құрылыс салаларының терминологиясын аудару мәселелері аударматану ғылымында ерекше көңіл бөлінеді. Өртүрлі зерттеушілер ұсынған аударма әдістеріне сүйеніп отырып, зерттеу саласының терминдерін ағылшын тілінен қазақ тіліне толығымен көшіруге барынша сәйкес келетін әдістерді таңдаған. Оларды қалай болса солай аударма салмай, талқыға салып, дұрыс баламасын табуға тырысқан. Терминдерді аударуда ұқсас мағынадағы баламасын табу, транслитерация мен транскрипция, синонимдік ауыстыру әдістері қолданылады. Қазақ тіліндегі біршама терминдер калькалаудың түрлі әдістері арқылы берілген. Сонымен қатар, аудармашының терминологиялық құзыреттілігі оның кәсіби құзыреттілігінің негізгісі болып отырып, мақалада терминологиялық құзыреттілікті зерттеу әдістемесін мазмұнды түрде ашуға, оның маңызды сипаттамалары мен функцияларын анықтауға әрекет жасалынды.

Кілт сөздер: терминдер, терминдерді аудару, аударма құзыреттілігі, терминологиялық құзыреттілік, аударма әдістері.

Кіріспе

Ғылым және техниканың қарқынды даму заманында, әлеуметтік өзгерістердің, ақпарат көлемінің ұлғаюы нәтижесінде термин сөздер ғылыми мәтіндерде, бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс табады. Мұның бәрі жаңа ұғымдардың пайда болуына, сондай-ақ көптеген білім салалары ұғымдарының өзгеруіне, ал соның салдарынан жаңа атаудың қажеттілігінің арттырылуына септігін тигізеді. Қазіргі таңда жаңа терминологиялық атаулардың, терминологиялық өрістердің, тіпті тұтас терминологиялық жүйелердің пайда болуы осының бірден бір дәлелі болып саналады. Термин мазмұны жағынан сөзден ерекшеленетін айрықша болатын лексикалық бірлік. Термин және терминология мәселесі туралы іргелі зерттеулер жүргізіп, әр кезеңдерде зерттеген көптеген қазақстандық (ең алдымен А. Байтұрсынұлынан бастап, Қ. Жұбанов, Н.Т. Сауранбаев, С.А. Аманжолов, М. Балақаев, С. Бәйішев, Б. Бірімжанов, Қ. Шәріпов, Ә. Қарақұлов, Ә. Сатыбалдиев, Б. Қалиев, І. Жарылғапов, Ә.Т. Қайдаров, Ш.Ш. Сарыбаев, Ж. Смағұлов, А. Әбдірахманов, Р. Сыздық, Ә. Айтбайұлы, Ш. Құрманбайұлы, Қ. Айдарбек, Е. Әбдрәсілов, А.М. Ахметбекова және т.б.), ресейлік (А.В. Суперанская, А.А. Реформатский, А.С. Герда, В.А. Бондарь, В.А. Татаринев, В.Г. Будыкина, В.М. Лейчик, В.П. Даниленко, В.С. Виноградов, Г.В. Демидова, Е.В. Карпинский) және шетелдік (J. Slisko, L. Shulman, B.D. Pushkin, A. Barron-Cedeno, K. Frantzi) ғалымдар терминнің табиғаты мен түсінігіне өзіндік анықтамаларын берген. Қазақстандағы қазіргі терминологияның дамуына Ә. Қайдар [1], Ә. Айтбайұлы [2], Ш. Құрманбайұлы [3], С. Әлісжан [4] т.б. қазақ тіл білімі зерттеушілердің қазақ терминологиясының теориясы мен практикасына зор үлес қосқан, термин жасауға белсене араласқан ғалымдардың еңбектерінің теориялық негіздемелері басшылыққа алынады. Сонымен қатар, отандық ғалымдар терминнің лингвистикалық-логикалық мәселелерін, термин мен ұғымның нақты байланысын, терминология мен терминографияның лингвистикалық, әлеуметтік аспектілеріне арналған монографиялар, терминнің мәселелеріне мен даму келешегіне арналған мақалалар жинақтары жарық көрді.

Ғалым Ш. Құрманбайұлы біздің қоғамда орныққан жағдайға байланысты термин мәселесі туралы келесі талдау жүргізді: «белгілі бір терминнің шет тілі, орыс тілі және қазақ тіліндегі нұсқаларының бірін таңдау қажет болғанда, ең алдымен орыс тілінің нұсқасы басымдылыққа ие болады немесе орыс тілі арқылы аударылады» [3; 29]. Бұл үрдіс кеңес саясатынан қалып қойған принцип. 1990-жылдары академик Ә. Қайдар орыс тілінен енген термин-атауларды қазақ тіліне аудару немесе бала-

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: Kuzar_zhanna@mail.ru

ма тауып алмастыру керек екендігін айтты. Алайда, бүгінгі таңда терминдерді аудару делдал тіл арқылы жүзеге асырылатыны мәлім.

Зерттеудің мақсаты — инженерлік желілер мен құрылыс саласында терминдердің ағылшын және қазақ тілдерінде аударманың дұрыс, адекватты берілуін, терминологияны салыстырмалы түрде зерттеу, ағылшын және қазақ тілдеріндегі терминдердің ерекшеліктерін анықтау. Қазақ тіл білімінде ғылыми аударма мәселесі көбінесе терминология деңгейінде қарастырылады. Себебі, терминдер ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында қолданылады.

Терминологиядағы қазіргі үрдіс — шет тілдік терминдерді мүмкін болғанша қазақ тілінде беру. Сипаттамалы аударма тілде сәйкес термин жоқ жағдайда жасалады. Терминді аудару, яғни түпнұсқа тілдегі сөзден оны аударма тілін ауыстыру оңай жұмыс емес.

Т.А. Казакованың айтуы бойынша «терминдер — белгілі бір ғылым немесе техника саласындағы мамандар қолданатын нақты объектілер мен ұғымдарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері. Терминдер ретінде тек осы стиль аясында қолданылатын сөздерді де, жалпы сөздердің арнайы мағыналарын да қолдануға болады» [5; 250]. Тағы бір анықтама: «Термин дегеніміз ғылым мен техниканың белгілі бір саласының ұғымдар жүйесіндегі дыбыстық белгі мен оған сәйкес (ассоциацияланған) ұғымның бірлігі болып табылатын сөз (немесе сөз тіркесі)» [6; 112].

Басқа анықтамаларда терминдерді «арнайы қызметтегі сөздер» деп атайды [7]. Ғалым Л.Л. Касаткин былай деп санайды: «Термин бұл ғылымның, техникалық, ауылшаруашылық, т.б. тұжырымдаманың атауы болатын сөз немесе сөз тіркесі» [8; 62].

Белгілі бір ғылыми дискурста терминдер қандай да бір ғылыми ұғымды ғана білдіріп қоймай, сонымен бірге маманданғандықты білдіретін ақпаратқа ие тілдік бірлік болып табылады, ол белгілі бір мәтінді біртұтас ғылыми тіл ететіндей біріктірушілік (интеграциялаушылық) қызмет атқарады. Сол себепті, А.В. Крыжановская «терминологиялық интеграция» деген атауды ұсынған болатын. Бірақ, бұл атау көпшіліктен қолдау таппады [4; 26].

«Термин» ұғымын анықтауда, Р.К. Миньяр-Белоручевтің «сөз белгілі бір ғылым немесе техника саласының басқа ұғымдарымен бірге бір мағыналық жүйені құрайтын заттардың, құбылыстардың, белгілердің ғылыми ұғымдарын білдіре бастағанда терминге айналады» деген пайымдау жасаған. Терминнің қызметі — бұл қысқа, нақтылық және бір мағыналы ғылыми ұғым білдіру құралы [9; 951]. Термин белгілі бір ғылымның атауы қызметін атқарып, сол нысанның мазмұны мен семантикасын білдіретін термин, бірнеше маңызды талаптарға ие. Терминге қойылатын талаптар аз емес. Бірақ бұл талаптардың ішінен тіл мамандары мен терминтанушылардың еңбектерінде терминге қойылатын негізгі талаптарды атап кеткеніміз жөн:

1. Мағыналық адекваттылық талабына сай болуы: терминнің ұғымы қазіргі заманғы ғылыми ұғымның белгілі объекті туралы түсінігіне сәйкес келуі тиіс.
2. Термин мағынасының дәлдігі: мағынасы шектеулі және айқындалған.
3. Бірмәнділікке (моносемия) талап: термин белгілі бір саланың элементі болып табылады және осы шеңберде ғана қолданылады. Мысалы: терминнің көпмағыналығы (полисемия) медицинада қолданылмайды.

Терминдер әрқашан белгілі бір білім саласына жатады. Термин еместен (сөзден) ерекшеленетін де осында. Зерттеудегі ең маңызды мәселесі терминнің шекарасын анықтау. Осы уақытқа дейін терминмен жиі қолданылатын сөз немесе сөз тіркесінің аражігін ажырату мәселесі шешілмей келеді. Терминнің жиі қолданылатын сөзден (термин еместен) негізгі айырмашылығы — терминнің ерекшелігі, яғни оның арнайы салаға қатыстылығы [10].

«Термин өзінің табиғаты бойынша жүйелі және бір мағыналыққа ұмтылады: берілген терминологиялық жүйеде бір мағынадан артық емес мағынаның болуы; дәлдікті білдірудің; белгілі бір терминологиялық жүйедегі басқа терминдерімен байланысы, синонимдердің, омонимдердің, эмоционалды және экспрессивті бояудың болмауы» [11; 64]. «Термин кез келген сөз сияқты тіл мен сөйлеу бірлігі болып табылады және жалпы тілдік заңдылықтар бойынша өмір сүреді және дамиды. Тіл тәжірибесінде классификациялық белгілері анық емес полисемантикалық терминдерді жиі кездестіреміз» [12; 36].

Жоғарыда келтірілген анықтамаларға сүйене отырып, термин әрқашан ұғымды білдіреді және жүйе болып табылады деп айта аламыз. Ол сонымен қатар қоршаған дүниені танудың құралы болып табылады. Ал бұл жерде терминдер басқа терминдермен өзара байланысып, ортақ терминологиялық жүйеге кіретінін айта кеткен жөн. Терминдер нақты ұғымдарды, заттарды, құбылыстарды білдіріп, синонимдерінен айырылған, көбінесе шет тілінен шыққан бір мағыналы ұғымдарды (және сөз тіркес-

терін) құрайды.

Терімсөз табиғатына тән нәрсе — бірмағыналылық, дегенмен, бірмағыналылықты сақтау барлық жағдайда мүмкін бола бермейді. Өзге де тілдік бірлік сияқты терімсөздің де мазмұны мен мағынасы бар: терімсөздің мазмұны — оның әуелгі терімсөздік түсінігі, мағынасы — терімсөз ретіндегі сипаты. Терімсөздің мағынасы мен мазмұны сәйкес келіп, бір-бірін анықтап, мағына мазмұнды ашуы тиіс.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Бұл ретте, ең алдымен, термин белгілі бір ғылым саласының элементі екенін ескеру қажет. Осыған байланысты әрбір тілдің терминжасам үдерісі, ең алдымен, сол тілдің өз сөздік құрамы, ұлттық лексикасы негізінде жүзеге асырылатыны белгілі. Яғни, терминдер тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлерден жасалады да, осыған сәйкес терминдер қатарында сол тілге тән әртүрлі құрылымдық түрлері кездеседі: термин — түбір сөз, термин — туынды сөз, термин — күрделі сөз, терминологиялық сөз тіркесі, терминологиялық сөйлем және т.б.

Термин мәселесін қарастыруда зерттеуде келесі әдістер қолданылды: жинақтау (салалық терминдерді іздестіру), салыстыру (түпнұсқа тілі мен аударылатын тілмен салыстыру), сипаттау (берілу жолдары) және топтау (терминдерді өзара топтастыру).

Ғылым мен техникалық салаларының қарқынды өсуіне байланысты осы зерттелетін тақырып бойынша энциклопедиялар мен сөздіктер пайда болды. Жалпы ғылыми мәтіндерді зерттеу 2017–2021 жылдар аралығын құрайды, соның ішінде ағылшын — қазақ — орыс тілдеріндегі сөздіктерге де талдау жасалынды. Бұл талдау белгілі бір терминнің аудармасын дұрыс түсіндіру үшін жасалынды. Талдау барысында техникалық дискурстың салалық терминология сөздіктерін ескере отырып, сонымен қатар ғылыми журналдардан алынған арнайы ғылыми мәтіндер негізінде жүргізілді.

Инженерлік желілерге технологиялық процестерге қызмет көрсететін немесе елді мекендердегі инженерлік жабдықтардың әртүрлі жүйелеріне кіретін коммуникациялар кешені жатады.

Құрылыс лексикасының терминологиясы — адам танымының ең көне салаларының бірі. Құрылыс лексикасы кезең-кезеңімен дамыды. Құрылыс терминологиясына ерекше көңіл ХХ ғасырдың ортасында құрылыс жұмыстарының көлемінің кеңеюімен және адамдардың өмір сүру жағдайларының жақсаруымен беріле бастады. Бұл кезеңде құрылыс терминологиясы терминолог ғалымдардың, техникалық әдебиеттерді аударушылардың зерттеу объектісіне айналды. Құрылыс ғылымының терминологиясы жеке ішкі жүйелерге бөліне басталды. Терминологияны зерттеушілер құрылыстың терминологиялық жүйесін (Егоров В.А., 1973), сәулет (Мауэр Р.М., 1986), жылжымалы құрылымдар терминологиясы және орыс баламалары (Кафиятуллина В.И., 1975), ағылшын құрылыс терминологиясының даму мәселелерін (Писмиченко А.Н., 1984), ағылшын терминологиясының лексикасы және орыс тіліндегі баламаларының (Абдурахманова А.З., 2016) зерттеді.

Терминдерді ғалым-лингвист Б.Н. Головин қарапайым (бір сөзді) және күрделі (екі сөзді және көп сөзді) деп екіге ажыратады. Олардың біріншісі, бір сөзден тұратын терминдер туынды емес және туынды сөздер болып екіге бөлінеді [6]. Ол дегеніміз дәл және анық сипаттағы бір мағыналы терминдермен бірге көп мағыналы терминдер де болады. Туынды терминдер сөздің жасалу тәсілі, белгілі бір сөзжасамдық құралы, т.б. белгілеріне қарай ерекшеленеді. Бір сыңарлы терминдердің көпмағыналылығы оларды түсіну және аудару қиындығын тудырады, ал оған балама табу толығымен алғанда мәтін жағдайына байланысты.

Термин ғылыми мәтінде негізгі адекваттылық мағыналығы ретінде қарастырылады. Адамзаттың тұрмыс жағдайы жақсарған сайын бұл сала кеңейеді, сондықтан да терминдер көбейіп, бұл саланың сөздік қоры толығыады.

Инженерлік желілер мен құрылыстар саласының терминологиясын зерттегенде біз терминдердің құрамдас бөліктерінің арақатынасын анықтадық. Инженерлік желілер шарттарының құрамдас бөліктерін талдау келесі нәтижелерге әкелді:

Бір сыңарлы терминдер: *to earth* — *жерлестіру* — *заземлять*; *frequency* — *жиілік* — *частота*; *a generator* — *генератор* — *генератор*; *voltage* — *кернеу* — *напряжение*; *resistance* — *кедергі* — *сопротивление*; *a main* — *күре құбыр* — *магистральная труба*; *weir* — *суағар* — *водослив*; *fluidity, flow* — *аққыштық* — *текучесть*.

Екі сыңарлы терминдер: *variable field* — *айнымалы өріс* — *переменное поле*; *heat system* — *жылу торабы* — *тепловая сеть*; *reactive current* — *реактивті кедергі* — *реактивный ток*.

Үш сыңарлы терминдер: *radiative reaction* — *сәуле шығару реакциясы* — *реакция излучения*; *external electric field* — *сыртқы электр өрісі* — *внешнее электрическое поле*; *water economy budget* —

су қойма жүйесі — водохозяйственная система; regulating water tank — су арынды мұнара — регулирующий танк для воды; factor of building compactness — ғимараттың ықшамдық коэффициенті — коэффициент компактности здания; air flow ratio — ауа алмасу реттілігі — кратность воздухообмена; building engineering system — ғимараттың инженерлік жүйелері — инженерная система здания; heat conductivity coefficient — жылу өткізгіштік коэффициент — коэффициент теплопроводности; coefficient of thermal expansion — жылу ұлғаю коэффициенті — коэффициент теплового расширения; fenced construction ventilate — қоршау құрылмалары желдету — конструкции ограждающие вентилируемые; civil and erection works — құрылыс-монтаждау жұмыстары — строительные и монтажные работы.

Төрт сынарлы терминдер: bulk-oil circuit breaker — үлкен көлемді майлы ажыратқыш — многообъемный масляный выключатель; heat losses through enclosures — беріліс жылу шығыны — трансмиссионные теплопотери; water and waste water facilities — сумен жабдықтау және су бұру құрылыстары — сооружения водоснабжения и канализации; system of water quality monitoring — су сапасын бақылау жүйесі — система контроля качества воды; өздігінен орнатылатын тәуелсіз кондиционер; split-type air conditioner — split типті кондиционер — автономное кондиционирование с самостоятельной установкой.

Қазақ тіліндегі терімсөздер жүйесінің жасалуы негізінен шет тілінен енген терімсөздердің баламалық (калька) негізде аударылуы арқылы жасалған терімсөздер. Оған қоса, қазақ тіліндегі біршама терминдер калькалаудың түрлі әдістері (толық немесе жартылай) және калька құрамы мен мазмұнына қарай семантикалық калька, фразеологиялық калька, сөзжасамдық калька болып жіктеледі. Екі тілдегі сөздердің құрылымы сәйкес келсе, семантикалық калька туралы айтуға болады. Көп компонентті терминдерде терминнің әрбір компоненті кезең-кезеңімен аударылады.

Терминдер бірнеше жолмен жасалуы мүмкін:

1) Арнайы ұғымдарды атау үшін қарапайым сөздердің мағыналарын метафоралық жолмен беру. Осындай метафоралық терминдердің жасалу жолдары С. Әлісжанның еңбегінде жақсы қарастырылған. Мысалы: Штенсельді айыр — mains plug — ви́лка. Legs — бұрғылау тізбегінің тіректері — опоры буровой колонны.

2) Туынды терминдер. Қазақ тілі терминологиясындағы қимыл атау формасымен келетін терминдер көбінесе орыс тіліндегі -ени(е), -ани(е) суффикстері арқылы жасалған терминдерге сәйкес келетінін байқауға болады [4]. Мысалы, жылыту — отопление, балқу — плавление, тежеу — торможение, өлшеу — измерение, ажырату — выключение. Ең өнімді сөз тудырушы жұрнақтар: -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік. Ол көбіне қоғамдық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық терминдерді жасауда жиі қолданылады. Мысалы: беріктік — прочность, тұтқырлық — вязкость, сыйымдылық — емкость, қауіпсіздік — безопасность, электрлік — электрический. Ал ағылшын тілінде жиі кездесетін жұрнақтар: -er, -ion, -ing, -ment, -ness, -le, -ity, -ed, -able, -te, -ive, -or, -ed, -ing, -con, -on, -y, -ant, -el, -le, -up, -oir, -al, -age, -less, -cy, -able, -ar, -ous, -ence, -ance, ure: resistance, reliability, rechargeable, transmission, integrated, generator, energetical, electromotive, electroacoustics, charge carrier, alternating, active, structure, sanitary, artificial.

3) Кірме сөздер. Мысалы: cable (wire) — кабель; pump — насос, помпа.

4) Халықаралық сөзжасам қоры негізінде жасалуы, мысалы: «терм» (грекше therme — жылу) сөзімен — «термометр»;

5) Синтаксистік (терминдер мен сөз тіркестерінің жасалуы), мысалы: an electric wire — электр сымы — электропровод, force — күш — сила, power — қуат — мощность.

Нәтижелері мен олардың талқылануы

Терминологияның дамуы аударма тәжірибесімен тығыз байланысты. Сондықтан да ғылыми аударма кезінде терминдерді аударуда мұқият болу керек. Қазіргі уақытта аудармашыларды кәсіби даярлаудың тиімділігін арттыру және маңызды аудармашылық құзыреттіліктерді дамыту мәселесі өзекті болып отыр: кәсіби деңгейде екі тілді меңгеру; түп нұсқа мәтінді түсіндіре білу; аударма тәсілдерін білу. Сондай-ақ терминологиялық құзыреттілікті дамыту, өйткені ол кәсіби қоғамдастықта қабылданған терминологиямен жұмыс істеуге, кәсіби-концептуалды тезаурусты толықтыруға мүмкіндік береді. Аудармашының терминологиялық құзыреттілігі оның кәсіби құзыреттілігінің негізі болып табылады.

Кәсіби терминологиялық құзыреттілікке ие маман кәсіби саладағы терминологиялық саланың шекарасын нақты белгілеп, кәсіби қоғамда қабылданған терминологиямен жұмыс істеуі, терминологиялық талдауды дұрыс жүргізіп, оны қолдануы, өзінің кәсіби-концептуалды тезаурусын байытуы

қажет [13].

Аударма процесіндегі ең маңызды аспектілерінің бірі бұл — терминдерді дұрыс аудару немесе сәйкес эквивалентін табу. Бұл мәселе күрделі әрі маңызды болып табылады. Термин сөздерге балама табу үлкен біліктілікті талап етеді. Аудармашы шетел терминологиясын жетік меңгерумен қатар тілде орынды, дұрыс пайдаланылатын баламалы ұлттық термин табуы тиіс.

Ғылыми және техникалық материалдардың терминологиямен сәйкестік табуы аудармашыдан терминологияны өте жақсы білумен қатар, аударма процесінде өзара қызмет жасайтын екі тілдің лингвистикасын, тілдік құрылымын жақсы білуді талап етеді. Оларды орынды, дұрыс қолдана білу аудармашының қабілеттілігіне байланысты. Мұндағы айрықша маңызға ие болатын белгілі бір тілдегі сәйкесетін реалийлер мен терминологиялық баламалар болмаған жағдайда аудармашылық тәсілдер мен әдістемелерге сүйенудің орны бөлек [14].

Аударма трансформацияларын білу және оларды қолдана білу аударма құзыреттілігінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты ғылыми-техникалық аудармалар өте танымал болып келеді. Әлем қарқынды дамып келеді, білімнің әртүрлі салаларында жаңа технологиялар пайда болады. Нәтижесінде әртүрлі салалардағы халықаралық ынтымақтастық кеңейіп келеді. Атап айтқанда, адамзаттың энергияны тұтынуы жыл сайын артып келеді, бұл энергетика саласын белсенді дамуға итермелейді. Бұл технологияның дамуымен жаңа терминдер мен терминологиялық жүйелердің техникалық дискурста пайда болатынын білдіреді.

Әртүрлі зерттеушілер ұсынған аударма әдістеріне сүйене отырып, біз зерттеу саласының терминдерін ағылшын тілінен қазақ тіліне толығымен көшіруге барынша сәйкес келетін әдістерді таңдадық.

Аударма транслитерациясы және транскрипциясы туралы. Транслитерация кезінде сөздің графикалық түрі, ал транскрипция кезінде дыбыстық түрі беріледі. Осы жолмен берілетін терминдердің ең көп саны грек және латын тілдерінен тамыр алады. Біздің ойымызша, мұндай сөздерді халықаралық сөздер қатарына жатқызуға болады, өйткені бұл сөздердің сөзбе-сөз аудармасы әр тілде кездеседі.

aeration — ауаландыру — аэрация;

coefficient — көрсеткіш — коэффициент;

generator — генератор — генератор;

system — жүйе — система;

construction — құрылма — конструкция;

infiltration — инфильтрация — инфильтрация;

electromagnetic induction — электромагниттік индуктену — электромагнитная индукция;

temperature — температура — температура.

Бұл саланың терминологиясы электрмен жабдықтау, желдету жүйелері, сумен жабдықтау, жылумен қамтамасыз етудегі жұмыстар кешенінен тұратындықтан, аудармашы осы салаларға сәйкес сөздер мен сөз тіркестерін білуі керек екенін атап өткен жөн. Инженерлік желілер мен құрылыс терминологиясын аудару кезінде терминологиялық құзыреттіліктің құрамдас бөліктерін көрсету қажет. Біз осы саладағы аудармашылардың терминологиялық құзыретінің келесі компоненттерін ұсынамыз [15].

Практикалық компонент:

- қарқынды дамып келе жатқан технологиялар мен терминологияның динамикасын ескере отырып, жаңа терминдерді жасау және қолдану мүмкіндігі;
- грамматикалық және сөзжасамдық құрылымдарды қолдану сауаттылығы;
- аударма әдістерін дұрыс қолдана білу;
- аударма мәтініндегі баламаны дұрыс таңдай білу.

Ақпараттық құрамдас компонент:

- терминологиялық ақпаратты алудың ақпараттық дағдылары;
- тар шеңберлік мамандықта хабардар болу мүмкіндігі;
- аударма кезінде сөздің тиісті мағынасын қисынды таңдай білу.

Рефлексиялық-лингвистикалық компонент:

- кәсіби қателерді жою мүмкіндігі;
- жаңа терминдерді енгізу және олардың мағынасын дәл жеткізе білу;
- кез келген жағдайда терминдерді дұрыс қолдана білу мүмкіндігі.

Белгілі бір саланың аудармашылары жұмыс барысында терминологиялық сөздіктер жасайды. Терминологиялық сөздіктерді құрастыратын ғылымды терминография деп атайды. Терминография лексикографияның бір тармағы деп айта аламыз. Терминографияның пәні арнайы сөздіктерді құрастырудың әдістемесі мен нақты техникасын жасау болып табылады. Оның негізгі міндеті — терминологиялық сөздіктерде терминологиялық жүйелерді бекітудің принциптері мен әдістерін әзірлеу. Терминография әдістері оның лексикографиямен өзара әрекеттесуіне байланысты.

Аудармашылардың негізгі міндеттері сөздіктер жасау ғана емес, сонымен қатар терминдерді таңдау әдістерін оңтайландыру және оларды ретке келтіру.

Сондай-ақ, зерттеліп отырған мәселеге қатысты глоссарий құрастыру кезінде лексикалық қиындықтар туындады, атап айтқанда, «жартылай техникалық» болып табылатын белгілі бір лексикалық бірліктерді қолдануды таңдауда қиындықтар туындады, мысалы: *main* — құбыр — труба; *pipe* — кәріз құбыры — сточная труба; *drain* — дренаждық құбыр — дренажная труба; *rimring* — суды кетіру — водоотлив және т.б. «Жартылай техникалық» деп аталатын көптеген терминдер болды, олар бір жағынан техникалық термин болса, екінші жағынан күнделікті өмір лексикасында қолданылатын жалпы қолданыстағы сөздер. *Well* — ұңғыма — скважина; *power* — қуат — мощность; *line* — желі — линия; *field* — өріс — поле; *network* — торап — сеть; *force* — күш — сила сияқты терминдер.

Main сөзін қарастырып, оның келесі мағыналарын көрсетеміз.

1. арна;
2. құбыр;
3. электр, газ, жылу, сумен жабдықтау желісі;
4. коммуникацияларға қосылу нүктесі;
5. арка, материк;
6. арка, қуат.

Көріп отырғанымыздай, сөз ғылымның немесе техниканың белгілі бір саласының сыртында ғана емес, сонымен қатар оның шегінде де бірнеше ұғымды білдіре алады. Сөздікте полисемантикалық терминнің мағыналарын анықтауға болады, бірақ тек контексте мағыналардың қайсысы түспалданыны анықталады.

Дегенмен, біз бірнеше техникалық және құрылыс сөздіктерін, сондай-ақ анықтамалықтарды, және жалпы қолданылатын сөздіктерді қарап шыққаннан кейін бұл терминдерді мысалға қосуды шештік. Сонымен қатар, бір құрамды терминдерді немесе термин құрамындағы бір сөзден тұратын терминдерді техникалық сөздіктерде де, жалпы қолданыс сөздіктерінде де кездестіруге болатынын атап өтуге болады.

«Инженерлік желілер мен құрылыс» бағытының глоссарийін құрастыру кезінде терминдерді орналастырудың екі әдісін, дәлірек айтсақ, алфавиттік тәртіппен және терминнің сөзжасамдық ұя принципі қолдандық. Терминдер сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және орталықтандырылған жылумен қамту сияқты әртүрлі пайдалану салаларына бөлінген. Бұл салаларға арналған барлық терминдер ағылшын тілінде алфавит бойынша сұрыпталған. Сонымен қатар, алфавиттік-ұя принципі де қолданылды. Төменде глоссарий құрастырудың екінші түрінің мысалдары келтірілген:

ток — *current*:

сезінерлік ток — *current, tangible* — *ток ощутимый*;

шектік сезінерлік ток — *current tangible, threshold* — *ток ощутимый, пороговый*;

алғашқы ток — *current, primary* — *ток первичный*;

асқын жүктеменің тогы — *current of overload* — *ток перегрузки*;

қиылысқан тағын — *cross-current* — *ток перекрестный*;

тасымалдың электрлік тогы — *transfer current, electric* — *ток переноса электрический*;

зақымдану тогы, зақымдаулық ток — *current, fault* — *ток повреждения*;

поляранудың /бір бағыттанудың/, электрлік тогы — *polarization current, electric* — *ток поляризации электрический*;

жанасу тогы — *contact current* — *ток прикосновения*;

электр өткізгіштік ток — *current conduction, electric* — *ток проводимости электрический*

тұрақты ток — *direct current (DC)* — *прямой ток*;

айнымалы ток — *alternating current (AC)* — *переменный ток*.

Кондиционер терминімен:

орталық кондиционер — *central air conditioner* — *центральное кондиционирование*;

дербес автономды кондиционер — self-contained air conditioner — автономное кондиционирование;

секциялық кондиционер — sectional air conditioner — секционное кондиционирование.

Біздің алфавиттік принцип бойынша негізгі мақсатымыз терминдерді іздеуге ыңғайлы болу үшін токтың немесе кондиционердің басқа түрін ықшам түрде көрсету болды, бұл аударма процесін әліпби бойынша бірдей негізгі сөзден тұратын терминдерді іздеуден жеңілдетеді.

Қорытынды

Терминологиялық әдебиеттерді аударудың өзіндік қиындықтары бар. Бұл саланың терминологиясын зерттеуде қарапайым, күрделі және көп құрамды терминдерді аударудың әдіс-тәсілдері талданды. Аудармашы қызметі аспектісінде зерттеліп отырған саланың дамуы бұл мамандықты сұранысқа ие етіп отырғанын айта кету керек, өйткені сапалы, адекватты аударманы қажет ететін жаңа терминдер мен жаңа технологиялар пайда болды. Тұрмыс жаңарып, заман өзгерген сайын, техника дамыған заманауи терминдер де біздің тілімізде артып жатыр. Оларды қалай болса солай аударма салмай, талқыға салып дұрыс баламасын беру керек. Сөйтіп, мағынасын бұзбай, жат сөздерді өз тілімізге бағындырып, бірте-бірте енгізу қажет. Білімнің жаңа салалары мен жаңа қызмет түрлерінің таралуына байланысты жаңа терминологиялық аппарат құру қажеттілігі туындайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас: оқу құр. / Ә. Қайдаров. — Алматы: Рауан, 1993. — 43 б.
- 2 Айтбайұлы Ә. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері: оқу құр. / Ә. Айтбайұлы. — Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. — 400 б.
- 3 Әлісжан С. Қазақ терминологиясы: теория және тәжірибе: оқу құр. / С. Әлісжан. — Астана: «IC-Сервис», 2005. — 112 б.
- 4 Құрманбайұлы Ш. Терминкор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері / Ш. Құрманбайұлы. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. — 240 б.
- 5 Казакова Т.А. Практические основы перевода: учеб. пос. / Т.А. Казакова. — СПб.: Изд-во «Союз», 2001. — 320 с.
- 6 Головин Б.Н. Введение в языкознание: учеб. пос. / Б.Н. Головин. — М.: Высш. шк., 1977. — 312 с.
- 7 Кодухов В.И. Введение в языкознание: учеб. для студ. пед. ин-тов / В.И. Кодухов. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Просвещение, 1987. — 185 с.
- 8 Касаткин Л.Л. Краткий справочник по современному русскому языку: учеб. пос. / Е.В. Клобуков, П.А. Лекант. — 3-е изд. испр. и доп. — М.: Высш. шк., 2006. — 103 с.
- 9 Миньяр-Белоручев Р.К. Общая теория перевода и устный перевод: учеб. пос. / Р.К. Миньяр-Белоручев. — М.: Воениздат, 1980. — 237 с.
- 10 Дроздова Т.В. Проблемы понимания научного текста: моногр. / Т.В. Дроздова. — Астрахань: Изд-во Астрахан. гос. техн. ун-та, 2003. — 223 с.
- 11 Прохорова В.Н. Об эмоциональности термина: учеб. пос. / В.Н. Прохорова. — М.: Наука, 1970. — 225 с.
- 12 Гореликова С.Н. Природа термина и некоторые особенности терминообразования в английском языке / С.Н. Гореликова // Вестн. Оренбург. гос. ун-та. — 2002. — № 6. — С. 129–132.
- 13 Абдурахманова А.З. Лингвистическое моделирование строительной терминологии: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.21 — «Прикладная и математическая лингвистика» / А.З. Абдурахманова. — М., 2016. — 220 с.
- 14 Влахов С. Непереводимое в переводе: учеб. пос. / С. Влахов, С. Флорин. — М.: Р. Валент, 2009. — 360 с.
- 15 Beeby A. Acquiring Translation Competence: Hypotheses and Methodical Problems in a Research Project / A. Beeby, D. Ensinger. — Investigation translation. — Amsterdam: John Benjamins, 2000. — P. 99-106.

Ж.Н. Кузар, Г.И. Кульдеева

Термины в научном тексте как объект перевода

В статье представлен краткий обзор ученых, изучавших терминологию. Развитие терминологии было тесно связано с практикой перевода. В связи с этим особое место в области научного перевода занимают термины научно-технических отраслей, таких как инженерные сети и сооружения. Лексика и термины инженерных сетей и сооружений могут быть изучены как одна из терминосистем строительных конструкций. На основе методов перевода, предложенных различными исследователями, мы выбрали наиболее подходящие методы для полного перевода терминов исследуемой области с англий-

ского языка на казахский. При переводе терминов мы используем такие приемы, как поиск близких по значению эквивалентов, транслитерация и транскрипция, синонимическая замена. Некоторые термины казахского языка были переведены с помощью различных видов калькирования. Кроме того, терминологическая компетенция переводчика является основой его профессиональной компетентности. В статье предпринята попытка содержательно раскрыть методологию исследования терминологической компетенции, выявить ее важные характеристики и функции.

Ключевые слова: термины, перевод терминов, переводческая компетентность, терминологическая компетентность, методы перевода.

Zh.N. Kuzar, G.I. Kuldeeva

Terms in scientific text as an object of translation

The article provides a brief overview of the scientists who have studied terminology. The development of terminology has been closely linked to the practice of translation. In this respect, a special place in the field of scientific translation is given to the terms of scientific and technical branches such as engineering networks and structures. The vocabulary and terms of engineering networks and structures can be studied as one of the terminology systems of building structures. Based on the translation methods proposed by various researchers, we have chosen the most appropriate methods to fully translate the terms of the study area from English into Kazakh. When translating terms we use techniques such as searching for similar meaning equivalents, transliteration and transcription, and synonymic substitution. Some terms in the Kazakh language have been translated by means of various types of tracing. In addition, the terminological competence of a translator is the basis of his professional competence, the article attempts to meaningfully reveal the methodology of terminological competence research, to identify its important characteristics and functions

Keywords: terms, translation of terms, translation competence, terminological competence, translation methods.

References

- 1 Qaydarov, A. (1993). Qazaq terminologiasina zhangasha kozqaras [A new approach to Kazakh terminology]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 2 Aytbayuli, O. (2013). Qazaq til bilimining terminologiası maseleleri [Terminological problems in Kazakh language education]. Almaty: “Abzal-Aı” baspasy [in Kazakh].
- 3 Aliszhan, S. (2005). Qazaq terminologiası: teoriia zhane tazhiribe (oqu quralı) [Kazakh terminology: theory and practice]. Astana: “IC-Service” [in Kazakh].
- 4 Qurmanbaiuly, Sh. (2005). Terminqor qalyptastyru kozderi men terminzhasam tasilderi. Barlyq sala mamandaryna arnalğan adistemelik qural [Sources of terminology and ways of terminology formation]. Almaty: Sozdik-Slovar [in Kazakh].
- 5 Kazakova, T.A. (2001). Prakticheskie osnovy perevoda [Practical basics of translation]. Saint Petersburg: Izdatelstvo “Soiuz” [in Russian].
- 6 Golovin, B.N. (1977). Vvedenie v yazykoznanie [Introduction to linguistics]. Moscow: Vysshaia shkola [in Russian].
- 7 Kodukhov, V.I. (1987). Vvedenie v yazykoznanie: uchebnik dlia studentov pedagogicheskikh institutov [Introduction to linguistics: A textbook for students of pedagogical colleges]. 2nd ed., revised and supplemented. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 8 Kasatkin, L.L., Klobukov, E.V., & Lekant, P.A. (2006). Kratkii spravochnik po sovremennomu russkomu yazyku [Brief Reference Book of Modern Russian Language]. Moscow: Vysshaia shkola [in Russian].
- 9 Minar-Beloruhev, R.K. (1980). Obshchaia teoriia perevoda i ustnyi perevod [General Theory of Translation and Interpretation]. Moscow: Voenizdat [in Russian].
- 10 Drozdova, T.V. (2003). Problemy ponimania nauchnogo teksta [Problems of understanding a scientific text]. Astrakhan: Izdatelstvo Astrakhanskogo gosudarstvennogo tekhnicheskogo universiteta [in Russian].
- 11 Prokhorova, V.N. (1970). Ob emotsionalnosti termina [On the emotionality of the term]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 12 Gorelikova, S.N. (2002). Priroda termina i nekotorye osobennosti terminoobrazovaniia v angliskom yazyke [The nature of the term and some peculiarities of term-formation in English]. *Vestnik Orenburgskogo gosudarstvennogo universiteta — Bulletin of the Orenburg State University*, 6, 129–132 [in Russian].
- 13 Abdurakhmanova, A.Z. (2016). Lingvisticheskoe modelirovanie stroitelnoi terminologii [Linguistic Modeling of Construction Terminology]. *Candidate's thesis*. Moscow [in Russian].
- 14 Vlahov, S. & Florin, S. (2009). Neperevodimoe v perevode [The untranslatable in translation]. Moscow: R. Valent [in Russian].
- 15 Beeby, A., & Ensinger, D. (2000). Acquiring Translation Competence: Hypotheses and Methodical Problems in a Research Project. Amsterdam: John Benjam